

«Мектепке жол» және «Жалпыға бірдей білім» акциялары туралы ақпарат

Жаңа оқу жылына дайындық аясында әртүрлі санаттағы отбасылардың балаларына материалдық көмек көрсету жұмыстары басталды.

2025 жылдың 1 тамызынан бастап дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы бастау алды. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандарға, сондай-ақ әлеуметтік себептермен мектепке бармай жүрген балаларға әлеуметтік көмек көрсету.

Биыл қайырымдылық акциясы «Жақсылық жаса» ұранымен өтуде. Көмекке мұқтаж балалардың дерекқоры жасақталды, демеушілер мен әлеуметтік серіктестерді тарту арқылы көмек көрсету жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда Сарайшық ауданының әкімі аз қамтылған отбасылардың 40 оқушысына мектеп сөмкелері мен кеңсе тауарларын табыстады. Астана қаласының мәслихат депутаты Жангунаков Бауржан Мухаметсафович аз қамтылған отбасылардың 8 оқушысына мектеп сөмкелері мен кеңсе тауарларын табыстады.

Жаңа оқу жылына дайындық аясында әртүрлі санаттағы отбасылардың балаларына материалдық көмек көрсету жұмыстары басталды.

«Жалпыға бірдей білім» бағдарламасы аясында материалдық көмек атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, бірақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы жок отбасылардың балаларына беріледі.

«Жалпыға бірдей білім» бағдарламасы Үкімет Қаулысына сәйкес көмек келесі 5 санаттағы балаларға көрсетіледі:

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардағы балалар;
- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардағы балалар;
- Отбасында тұратын жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмек қажет ететін отбасылардағы балалар;
- Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі айқындайтын басқа да білім алушылар мен тәрбиеленушілер санатындағы балалар.

1-27 тамыз аралығында 51 аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек берілді. Соның ішінде:

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардағы балалар-27;
- Жан басына шаққандағы табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардағы балалар-11;
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар-7;
- Қамқоршылық кеңес айқындайтын білім алушылар-6.

«Мектепке жол» және «Жалпыға бірдей білім» қайырымдылық акциялары аясында біз жаңа оқу жылына дайындық барысында әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан оқушыларға жан-жақты көмек көрсетуді жүйелі түрде ұйымдастырдық. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады.

Әлеуметтік педагог

Есбай Г.Т